3. Установите следующий пункт в сервисном меню PH «Настройка максимальной мощности отопления». Для этого нажмите кнопки + или — пока символы на дисплее сменятся на «PH» и для входа в него однократно нажмите клавишу **CH Mode** . Подтверждением того, что Вы вошли, будет отображение сервисных буквенно-цифровых символов на дисплее (данные символы не несут конкретного обозначения давления газа на горелке).




4. Для увеличения давления газа необходимо нажимать на кнопку + , при этом индикация сервисных параметров будет изменяться в большую сторону, а давление газа на горелке возрастать. Если необходимо наоборот уменьшить давление газа на горелке, необходимо нажимать кнопку — , при этом индикация сервисных параметров будет изменяться в меньшую сторону и давление на горелке будет уменьшаться соответственно. При однократном нажатии клавиши **CH Mode** , автоматика котла запомнит установленное значение и выйдет в сервисное меню настройки газового клапана.

Выход из меню настройки газового клапана
(1) Выключите питание кнопкой ⏻.
(2) Если в течение 3 минут горелка не включается (не появляется пламени), автоматически выполняется выход из меню.


Природный:

Модели	Max (PH), Па	Min (PL), Па
EvoLine S 2.24TW	1100±10	160±10
EvoLine S 2.32TW	1100±10	160±10



2 4.3.2 Перевод котла на сжиженный газ

Перед началом работа обязательно перекройте газ и отсоедините котел от электропитания.



Газовая рампа с форсунками.


Заводское исполнение предусматривает использование котла на природном газе. При необходимости возможна переналадка и дальнейшая эксплуатация на сжиженном газе. Перевод котла на другой тип газа может производиться только техническим персоналом авторизованного сервисного центра, техническими специалистами газового хозяйства или другими организациями имеющими лицензии и допуски на проведение данного вида работ.

Порядок действий:

1. Демонтируйте газовую рампу открутив фиксирующие винты.
2. Замените форсунки на рампе используя соответствующие наборы:
Для котлов EvoLine S (мощностью 24 кВт) - 0040817573 (ø0.94x 12 штук)
Для котлов EvoLine S (мощностью 32 кВт) - 0040823263 (ø0.94x 15 штук)
3. Установите газовую рампу в обратной последовательности и убедитесь в герметичности соединений.
4. Произведите программные изменения типа газа с природного на сжиженный изменив значения параметра "P5" = 30. Для подтверждения изменения настроек типа газа P5 необходимо войти в P7 и загрузить изменения установив значения параметра P7 = 01 (см. меню настроек п.4.4 "Инструкции по монтажу") .
5. Произвести проверку и при необходимости корректировку давления сжиженного газа на горелке в соответствии с табличными значениями. Давление сжиженного газа перед котлом должно быть не менее 28 мбар.

Сжиженный газ:

Модели	Max (PH), Па	Min (PL), Па
EvoLine S 2.24TW	1440±10	240±10
EvoLine S 2.32TW	1440±10	240±10




Регулировка газового клапана должна осуществляться только обученными специалистами имеющими соответствующий допуск и сертификат Haier.

После проведения измерительных и/или регулировочных работ изменения давление газа, необходимо тщательно закрыть запорные винты штуцеров на газовом клапане, использованные для замера давления газа. Убедитесь, что герметичность хорошая, без утечки.

4.4 Меню настроек

Изменения данных параметров могут повлиять на корректность работы котла. Потребителю не рекомендуется самостоятельно менять значения параметров.

Порядок действий



1. Нажмите и удерживайте одновременно кнопки + и —в выключенном состоянии котла или в состоянии неисправности. Через 5 с на дисплее отобразится «00».




2. Нажмите кнопку + , чтобы на дисплее отобразилось «10».



3. Нажмите кнопку **CH Mode** для подтверждения. На дисплее отобразится параметр P0.



4. Нажимая кнопку + параметры на дисплее будут меняться последовательно:
P0, P5, P8, P9, Pc, A1, A2, A6, b6, b8, C0, C1, C4, C7, C9, Cb, CU, d0, d1, d5, db, dC, h1, h2.



5. Для того что бы изменить значения нужного параметра, выберете его и нажмите кнопку **CH Mode** . С помощью кнопок + или — измените значение и для подтверждения нажмите кнопку **CH Mode**. Автоматика запомнит новое значение и перейдет в меню выбора параметров.

Выход:

1. После изменения необходимых вами параметров, выход из меню настроек производитсяпри одновременном нажатии и удержании кнопок + и — в течение 5 сек., или если в течение 30 сек. не будет нажата ни одна кнопка.
2. Если вы три раза подряд введете неправильный пароль или в течение 30 сек. не будет нажата ни одна кнопка, автоматика автоматически выйдет из меню настроек параметров.

Параметр	Наименование	Значение по умолчанию	Описание
P0	Параметр **P0** отвечает за выбор режима работы котла в зависимости от типа котла и конфигурации системы горячего водоснабжения. Двухконтурные модели имеют заводскую настройку 00, а одноконтурные 01.		
	Выбор режима работы	**00**	00 — отопление + нагрев ГВС с помощью пластинчатого теплообменника (двухконтурный котел) 01 — отопление + бак косвенного нагрева (одноконтурный котел) 02 — только отопление 03 — только бак косвенного нагрева
P5	Параметр **P5** отвечает за настройку типа газа на котором работает котел. Заводская настройка работы котла на природном газе, для перевода работы котла на сжиженный газ необходимо произвести замену форсунок см.п 4.3.2 и поменять параметр на 30		
	Тип газа	**00**	00 - природный газ (NG) 30 - сжиженного газа (LPG)
P8	Параметр **P8** отвечает за настройку логики работы горелки. С помощью изменения настроек данного параметра можно выбирать количество работы сегментов горелки при работе с мин мощностью в режиме горячего водоснабжения на уровне 1/3, 2/3 или 3/3. Чем меньше количество сегментов горелки в работе, тем меньше минимальная тепловая мощность.		
	Активные сегменты горелки при работе "ГВС"	**3**	1 - Сегменты горелки не активны. На min мощности работает вся горелка, мощность модулируетсятолько только газ клапаном . 2 - Активны 2 сегмента горелки. На min мощности работают два сегмента горелки, мощность модулируется газ клапаном и одним дополнительным запорным клапаном на газ рампе. 3 - Активны все 3 сегмента горелки. На min мощности работает один центральный сегмент горелки, мощность модулируется газ клапаном и двумя дополнительными запорными клапанами на газ рампе.
P9	Параметр **P9** отвечает за настройку логики работы горелки. С помощью изменения настроек данного параметра можно выбирать количество работы сегментов горелки при работе с мин мощностью в режиме отопления на уровне 1/3, 2/3 или 3/3. Чем меньше количество сегментов горелки в работе, тем меньше минимальная тепловая мощность.		
	Активные сегменты горелки при работе "Отопления"	**3**	1 - Сегменты горелки не активны. На min мощности работает вся горелка, мощность модулируется только газ клапаном . 2 - Активны 2 сегмента горелки. На min мощности работают два сегмента горелки, мощность модулируется газ клапаном и одним дополнительным запорным клапаном на газ рампе. 3 - Активны все 3 сегмента горелки. На min мощности работает один центральный сегмент горелки,мощность модулируется газ клапаном и двумя дополнительными запорными клапанами на газ рампе.
PC	Параметр **PC** переключает режим работы приоритета температурных NTC датчиков системы отопления. Заводская настройка работы котла по температуре теплоносителя. В случае установки NTC датчика комнатной или уличной температуры необходимо изменить параметр соответствующим образом для изменения логики работы котла.		
	Сенсор	**00**	00 - NTC датчик температуры теплоносителя 01 - NTC датчик комнатной температуры 02 - NTC датчик уличной температуры (погодозависимое управление)
A1	Параметр A1 отвечает за специальную программу удаления воздуха. При активной программе, в момент первого запуска и/или при длительном отключении электричества программа запускается автоматически и на дислее нанется обратный отсчет 99-98-97->... При этом запускается специальная логика работы циркуляционного насоса и сервопривода 3-х ходового крана.		
	Программа удаления воздуха из системы отопления	**01**	00 - Выключено. 01 - Включено.
A2	Параметр **A2** отвечает за режим работы циркуляционного насоса. При условиях эксплуатации в северных регионах или при наличии гидроразделителя рекомендуется устанавливать постоянный режим работы насоса.		
	Режим работы насоса	**01**	00 — Работа с выбегом. Во время работы горелки циркуляционнй насос работает постоянно. После отключения горелки насос 5 мин работает и выключается на 20 мин, после чего включается на 1 мин. (цикл 1 мин работы, 20 мин простоя повторяется до очередного вкл горелки. 01 — Циркуляционный насос работает до достижения установленной температуры комнатного термостата (пока клемма TA замкнута). После достижения установленной температуры (при размыкании клеммы TA) насос выключается. 02 — Постоянная работа циркуляционного насоса.
A6	Параметр **A6** отвечает за степень открытия газового клапана при розжиге. Данный параметр связан настройками мин. и макс. давления газа на горелке. Значение смещения = отображаемое значение параметра - 50 (Пример: когда отображаемое значение на дисплее 50, значение смещения = 0). Чем выше значение смещения, тем сильнее открывается газовый клапан при розжиге горелки и наоборот.		
	Степень открытия газового клапана при розжиге	**50**	00-A0
b6	В журнале ошибок фиксируются и отображаются последние 10 ошибок в хронологическом порядке. Просмотр журнала ошибок полезен при проведении диагностики и поиске неисправностей.		
	Журнал ошибок	**-**	Код ошибки
b8	Параметр **b8** позволяет активировать режим отображения расхода горячей воды (зафиксированный датчиком расходомером) протекающей через вторичный теплообменник при пользовании функцией нагрева ГВС. При активации функции на дисплее попеременно отображается расхода воды (л/мин)и фактическая температура горячей воды при открытии водоразборного крана.		
	Отображение расхода горячей воды	**00**	00 - Выключено. 01 - Включено.
C0	Параметр **C0** позволяет установить минимальную пороговую температуру отопления ниже которой, температура с панели управления в обычном режиме эксплуатации не устанавливается.		
	Минимальная температура отопления	**35**	20-45 °C
C1	Параметр **C1** позволяет установить максимальную пороговую температуру отопления выше которой, температура с панели управления в обычном режиме эксплуатации не устанавливается.		
	Максимальная температура отопления	**75**	45-85 °C

C4	Параметр **C4** отвечает за изменение гистерезиса (зоны не чувствительности) температуры системы отопления. Чем выше установленное значение, тем больше остывает система отопления до повторного включения горелки котла и наоборот, чем ниже установленное значение гистерезиса, тем меньше остывает система отопления до повторного включения.		
	Гистерезис температуры системы отопления	**10**	SET - (0-30 °C)
C7	Параметр **C7** используется для изменения времени работы котла с минимальной мощностью после включения горелки в режиме отопления. По заложенной логике, после розжига горелки автоматика принудительно ограничивает мощность на время установленное в данном параметре. В течении этого времени автоматика проводит анализ используя показания температурных датчиков подающей и обратной линии отопления и принимает решение по какому из алгоритмов производить дальнейшую работу. Увеличение временного интервала позволяет более корректно подстраивать работу котла в маленьких системах отопления.		
	Время работы на мин.мощности нагрева после запуска горелки в режиме отопление	**01**	00-99 (мин)
C9	Параметр **C9** позволяет ограничить время работы горелки после достижения заданной температуры системы отопления. При изменении значения параметра = 00 меняется логика работы, автоматика учитывает только ограничение максимально возможной работы котла установленного в параметре CA (заводская установка 12 часов).		
	Время работы горелки	**02**	00 - параметр не активен, 01 - 72 (x 10мин)
Cb	Параметр **Cb** предоставляет возможность настраивать время задержки при повторном включения горелки. Настройка имеет гибкую конфигурацию позволяющую адаптировать котел к различным климатическим зонам, конфигурации систем отопления и режимам работы. Увеличивая данный параметр будет пропорционально увеличиваться время простоя котла до последующего розжига, которое зависит не только от настроек данного параметра, но и от установленной пользователем целевой температуры.		
	Задержка повторного включения котла (мин) в режиме отопления	**15**	01-60 (см. таб.1)
Cu	Параметр **Cu** используется для изменения пропорции понижения температуры при работе котла в режиме энергосбережения «ECO». Выбрав соответствующее процентное соотношение, автоматика будет поддерживать его в соответствующем соотношении от установленной пользователем целевой температуры.		
	Установка понижения температуры в режиме «ECO»	**70**	20-A0 (%) Примечание: A0=100%
d0	Параметр **d0** позволяет установить минимальную пороговую температуру горячей воды ниже которой, температура с панели управления в обычном режиме эксплуатации не устанавливается.		
	Минимальная температура ГВС	**35**	25-45 (°C)
d1	Параметр **d1** позволяет установить максимальную пороговую температуру горячей воды выше которой, температура с панели управления в обычном режиме эксплуатации не устанавливается.		
	Максимальная температура ГВС	**60**	45-65 (°C)
d5	Параметр **d5** позволяет установить максимальную пороговую температуру горячей воды при превышении которой произойдет принудительное выключение горелки.		
	Максимальная температура выключения горячей воды	**65**	55-70 (°C)
db	Параметр **db** установливает значение минимального расхода воды системы ГВС для включения режима нагрева горячей воды.		
	Включение горелки при расходе ГВС	**27**	26-35 (x 0,1 л/мин)
dC	Параметр **dC** установливает значение минимального расхода воды системы ГВС для выключения режима нагрева горячей воды.		
	Выключение горелки при расходе ГВС	**23**	10-25 (x 0,1 л/мин)
h1	Параметр **h1** позволяет установить минимальную пороговую температуру нагрева воды в бойлере ниже которой, температура с панели управления в обычном режиме эксплуатации не устанавливается.		
	Минимальная температура бойлера косвенного нагрева	**35**	25-45 (°C)
h2	Параметр **h2** позволяет установить максимальную пороговую температуру нагрева воды в бойлере выше которой, температура с панели управления в обычном режиме эксплуатации не устанавливается.		
	Максимальная температура бойлера косвенного нагрева	**60**	45-75 (°C)

Установленная температура отопления/ °C	Значения параметра Cb												
	02	05	10	15	20	25	30	35	40	45	50	55	60
	Временная задержка, мин												
≤ 20	2	5	10	15	20	25	30	35	36,5	38	60	104	140
21 ~ 25	2	4,5	9	14	18,5	23	27,5	32	33,5	35	60	96	130
26~ 30	2	4	8,5	12,5	16,5	20,5	25	29	30,5	32	55	87	120
31 ~ 35	2	4	7,5	11	15	18,5	22	25,5	27,5	29	50	79	110
36~ 40	2	3,5	6,5	10	13	16,5	19,5	22,5	24,5	26	45	71	100
41 ~ 45	2	3	6	8,5	11,5	14	17	19,5	21,5	23	40	63	90
46~ 50	2	3	5	7,5	9,5	12	14	16,5	18,5	20	35	55	80
51 ~ 55	2	2,5	4,5	6	8	10	11,5	13,5	15,5	17	30	47	70
56~ 60	2	2	3,5	5	6	7,5	9	10,5	12,5	14	25	39	60
61 ~ 65	2	1,5	2,5	3,5	4,5	5,5	6,5	7	9	11	20	31	50
66~ 70	2	1,5	2	2,5	2,5	3	3,5	4	6	8	15	23	40
≥ 71	2	1,5	1,5	2	2	2,5	3	3,5	4,5	5	10	15	30

5. Хранение и утилизация

5.1 Условия хранения и транспортировки

Аппарат должен храниться и транспортироваться в упаковке только в положении, указанном на манипуляционных знаках.
Аппарат должен храниться в закрытом помещении, гарантирующем защиту от атмосферных и других вредных воздействий при температуре воздуха от — 50 до +40 °С и относительной влажности не более 80 %.
При хранении аппарата более 12 месяцев последний должен быть подвергнут консервации по ГОСТ 9.014 .
Отверстия входных и выходных патрубков должны быть закрыты заглушками или пробками.
Через каждые 6 месяцев хранения аппарат должен подвергаться техническому осмотру, при котором проверяется отсутствие попадания влаги и засорений пылью узлов и деталей аппарата.
Аппараты следует укладывать не более чем в пять ярусов при складировании в штабеля и транспортировании.

5.2 Утилизация



В составе газового отопительного котла отсутствуют драгоценные металлы.
По окончанию нормативного срока эксплуатации черные и цветные металлы, которые содержатся в узлах газового котла, не подлежат дальнейшему использованию и должны сдаваться в приемные пункты для вторичной переработки.

ОБСЛУЖИВАНИЕ КЛИЕНТОВ

Служба поддержки клиентов
Мы рекомендуем обращаться в службу поддержки клиентов компании Haier, а также использовать оригинальные запасные части. Если у вас возникли проблемы с вашей техникой, пожалуйста, сначала изучите раздел «Описание неисправностей».
Если вы не нашли решения проблемы, пожалуйста, обратитесь:
– к вашему официальному дилеру или
– в наш колл-центр:
8-800-250-43-05 (РФ),
8-10-800-2000-17-06 (РБ)
– на сайт https://haieronline.ru, где вы можете оставить заявку на обслуживание, а также найти ответы на часто задаваемые вопросы.
Обращаясь в наш сервисный центр, пожалуйста, подготовьте следующую информацию, которую вы можете найти на паспортной табличке и в чеке:

Модель _____

Серийный номер _____

Дата продажи _____

Также, пожалуйста, проверьте наличие гарантии и документов о продаже.

Важно! Отсутствие на приборе серийного номера делает невозможной для Производителя идентификацию прибора и, как следствие, его гарантийное обслуживание.

Запрещается удалять с прибора заводские идентифицирующие таблички. Отсутствие заводских табличек может стать причиной отказа в исполнении гарантийных обязательств.

В настоящий документ могут быть внесены изменения без предварительного уведомления. Производитель оставляет за собой право вносить изменения в конструкцию и комплектацию изделия без дополнительного уведомления.

Продукция соответствует требованиям технических регламентов Евразийского экономического (Таможенного) союза.


Сертификат соответствия № ЕАЭС RU C-CN.АЯ46.В.42034/25 от 28.07.2025 действует до 27.07.2030.

Более подробные сведения указаны в Едином реестре выданных сертификатов соответствия и зарегистрированных деклараций о соответствии Евразийского экономического союза.

Haier

МОНТАЖДАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Қабырғалық газ қазандықтары




Үлгілер

EvoLine S 2.24TW
EvoLine S 2.32TW

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ. ОНЫ АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ПАЙДАЛАНУ ҮШІН САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ.

Haier құрылғысын сатып алғаныңыз үшін рақмет!



Haier

Мазмұны

1 Сәлемдесу 4

2 Газ жылыту қазандығының функциялары мен режимдерінің қысқаша сипаттамасы 5

2.1 Сипаттама 5

3 Шартты белгілер және қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулар 7

3.1 Белгілер сипаттамасы 7

3.2 Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық 7

4 Пайдалану жөніндегі нұсқаулық 10

4.1 Басқару панелі 10

4.2 Газ қазандығын қосу/өшіру. Ақаулық кезінде бұғатты қалпына келтіру 12

4.3 Жұмыс режимдерін орнату 12

4.4 Қазандықты өшіру 13

4.5 Экранды өшіру күйі 13

4.6 Диагностика және ақаулықтарды жою 14

5 Тексеру және күтім 20

5.1 Күту және қызмет көрсету тәсілі 20

5.2 Бақылау кезеңділігі мен кезеңдері 20

6 Қосымшалар 21

6.1 Техникалық параметрлер және жиынтықтама 21

1. Сәлемдесу

Құрметті сатып алушы!

Орнату және пайдалану алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.
Haier компаниясы алдын ала ескертусіз осы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығын өзіне қалдырады.
Берілген суреттер бұйымға қарапайым иллюстрациялар болып табылады және оның нақты көрінісінен өзгеше болуы мүмкін.
Бұл нұсқаулықты кепілдік талонымен және кассалық чекпен бірге сақтаңыз.
Газ қазандығының қызмет мерзімі — 15 жыл.

Өндіруші өзінің технологиялық сипаттамаларын жақсарту мақсатында бұйымның құрылымына, жиынтықтамасына немесе дайындау технологиясына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.
Мұндай өзгерістер бұйымға сатып алушыларды алдын ала хабардар етпей енгізіледі және бұрын шығарылған бұйымдарды өзгерту/жақсарту жөніндегі міндеттемелерге әкеп соқпайды.
Нұсқаулықтың мәтіні мен цифрлық белгілерінде техникалық қателер мен қателіктер жіберілуі мүмкін.

Шығарылған күні мен кепілдік мерзімі құрылғының жапсырмасында көрсетілген.

2. Газ жылыту қазандығының функциялары мен режимдерінің қысқаша сипаттамасы

2.1 Сипаттамасы

Жылыту функциясы

Газ қазандығы жылыту тізбегін жылыту функциясына ие, ол белгіленген температураға және таңдалған бағдарламаға сәйкес орынжайларды жылыту құрылғыларын (радиаторлар, жылы едендер және т.б.) жылумен қамтамасыз етеді.

Ыстық суды жылыту функциясы

Бұл функция шаруашылық қажеттіліктерінде пайдаланылатын ыстық суды жылытуға арналған және жылыту функциясына қарағанда басым болып табылады және ыстық суды жылытуға сұраныс түскен кезде жылыту функциясы өшіріледі. Екі тізбекті үлгідерде ыстық суды жылыту ағынды режимде тек араластырғыш шүмек ашық болған кезде жүзеге асырылады. Бір тізбекті үлгідерде жанама жылыту қазандығында ыстық суды жылытуға болады.

«Antifreeze» мұздатуға қарсы режимі

Қазандықтың арнайы жұмыс режимі автоматты түрде айналым сорғысын (8 °C температурада) және оттықты (5 °C температурада) қосады, жылутасымалдағыштың төмен температурада қатып қалуын болдырмайды және/немесе қазандықтың ішкі тораптарының зақымдалуын болдырмайды. Режимде көп деңгейлі қорғаныс алгоритмі бар, ол қазандық энергиямен және газбен жабдықтау жүйесіне қосылған болса белсенді болады.

Экранды өшіру режимі

Автоматты энергия үнемдеу режимі қазандық оттығы жұмыс істемей тұрғанда немесе құрылғы өшірілген кезде әрекетсіздік және/немесе күту режимінде белсенді болады. Егер басқару панеліндегі батырмалар басылмаса, экранды өшіру 2 минуттан кейін автоматты түрде жүреді.

«Bubbles free» ауаны кетіру режимі

Бірінші іске қосу кезінде немесе қазандықтың ұзақ уақыт бойы тоқтап тұруы кезіндегі жылыту жүйесінен ауаны шығарудың арнайы режимі. Бастапқы қуат беру кезінде (немесе ұзақ уақыт сөнгеннен кейін) режим автоматты түрде іске қосылады және дисплейде 99-98-97->... кері санақ басталады. Бұл жағдайда циркуляциялық сорғы мен 3-жүрісті шүмектің сервожетегі автоматты түрде іске қосылады және тоқтатылады. Қажет болса, режимді **CH Mode** батырмасын 6 секунд басып ұстау арқылы өшіруге болады.

«ЖАЗ» режимі

Режим негізінен жылы мезгілде, орынжайларды жылыту қажеттілігі болмаған кезде пайдалануға арналған. Бұл режимде қазандық жылыту жүйесін жылытуды қоспағанда, тек ыстық суды жылытуға (сұраныс бойынша) жұмыс істейді.



«ҚЫС» режимі

Жылыту жүйесін жылыту және ыстық суды жылыту үнемі қажет болатын жылыту маусымы кезеңінде пайдалануға арналған.
Бұл режимде қазандық жылыту жүйесін қыздырмас бұрын ыстық суды басым дайындау функциясымен жұмыс істейді, яғни ыстық суды жылытуды сұрағанда, қазандық жылытуды өшіреді және ыстық суды жылыту режиміне өтеді.



Қашықтан басқару функциясы

Қазандық автоматикасында кіріктірілген Wi-Fi модулі және «OpenTherm» цифрлық шинасы бар.
Қазандықты Wi-Fi арқылы қашықтан басқару үшін смартфонға EVO қолданбасын орнатып, сол жерде құрылғыны тіркеу қажет. Сіз EVO қолданбасын APP Store немесе Google Store дүкенінен жүктей аласыз.
«OpenTherm» цифрлық шинасы қазандыққа ұқсас деректер алмасу хаттамасы бар басқа құрылғылармен байланысуға және қазандыққа үшінші тарап өндірушілерінің қашықтан басқару контроллерлерін қосуға мүмкіндік береді.



«OpenTherm» басқаруды қолдау

Бұл қазандық қазандықтың негізгі басқару панелінде арнайы интерфейс арқылы OpenTherm протоколы бойынша қазандықты басқару үшін үшінші тарап контроллерлерін пайдалануды қолдайды.



«Room comfort» бөлме NTC датчигі бойынша жұмыс функциясы

Қазандықтың бөлме температурасының датчигі бойынша жұмыс істеуі қазандық автоматикасына бөлмедегі температура туралы ақпарат алуға, талдауға және белгіленген бөлме температурасын ұстап тұру үшін қуатты динамикалық түрде реттеуге мүмкіндік береді. Функция белсенді болған кезде қазандықтың басқару панелінде бөлмедегі белгіленген температура көрсетіледі.



«Outdoor sensor» ауа-райына тәуелді басқару функциясы

Бөлме ішінде тұрақты қолайлы температураны ұстап тұру үшін сыртқы ауа температурасы өзгерген кезде жылыту жүйесіндегі жылу тасымалдағыштың температурасын автоматты түрде өзгертетін арнайы жұмыс режимі. Бөлме температурасы виртуалды болып табылады және функцияны баптау кезінде таңдалған графикке сәйкес ішкі алгоритмдер бойынша есептеледі.

3. Шартты белгілер және қауіпсіздік нұсқаулары

3.1 Белгілердің сипаттамасы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!	Дұрыс пайдаланбау адамдардың өміріне және/немесе денсаулығына тікелей зиян келтіруі мүмкін
	Ескертпе! Маңызды нұсқаулардың орындалмауы қазандыққа зақым келтіруі немесе оның қалыпты жұмысын бұзуы мүмкін.
	Сақтық шаралары және пайдалану бойынша қадамдар
	Әрекеттер тізбегі

3.2 Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық

Газ қазандығын пайдаланбас бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

- Түпнұсқа емес қосалқы бөлшектерді, жиынтықтауыштар мен аксессуарларды пайдалануға тыйым салынады.
- Қазандықты басқа отын түрімен бірге пайдалануға тыйым салынады. Қазандықтың жұмысы реттелген газ түрі қазандықтың нәлі және техникалық сипаттамалар кестесіндегі нұсқаулықта көрсетілген.
- Газ қазандығын монтаждауды, пайдалануға беруді, техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді тек Ресей Федерациясы Үкіметінің 14.05.2013 № 410 «Үй ішіндегі және пәтер ішіндегі газ жабдықтарын пайдалану және күтіп ұстау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары туралы» Қаулысымен белгіленген талаптарға сәйкес келетін мамандандырылған ұйым жүзеге асыруы керек.
- Газдың иісі болған кезде келесі қауіпсіздік бойынша нұсқауларды сақтау қажет:



- Кез келген электр ажыратқыштарын қосуға тыйым салу;
- Қауіпті аймақтарда темекі шекпеу және телефонды пайдаланбау;
- Қазандықтың алдындағы төменге орнатылған газ шүмегін дереу жабу;
- Желдету үшін терезелерді ашу;
- Бұл туралы газ қызметіне немесе сатудан кейінгі қызмет көрсетушілерге хабарлау.


- Қазандықтың құрылымына қандай да бір өзгерістер енгізуге тыйым салынады.
- Қазандық тораптарындағы пломбаларды алып тастауға және / немесе бүлдіруге тыйым салынады.
- Тұрғын орынжайларда, жатын бөлмелерде, қонақ бөлмелерде және жуынатын бөлмелерде газ қазандығын орнатуға тыйым салынады.
- Газ трактісі мен қосылымдарды газдың ағып кетпеуі үшін үнемі тексеріп отыру қажет.
- Газ қазандығының жанында тез тұтанғыш және жарылу қаупі бар заттарды орналастыруға және сақтауға тыйым салынады.
- Газ қазандығын монтаждау кезінде қазандықтың алдындағы құбыржолдарға газды бекітпе клапанын орнату керек, газбен жабдықтау жүйесінің дұрыс монтаждалмауы газдың ағып кетуіне және жарылысқа әкелуі мүмкін.

- Түтін құбырын дұрыс орнатпау түтін газдарының ағып кетуіне алып келуі және қауіпсіздікке қауіп төндіруі мүмкін. Қазандықты түтін құбырын орнатпай пайдалануға тыйым салынады.
- Электр тогымен зақымданудан қорғау дәрежесі бойынша қазандық қолданыстағы федералды және жергілікті электр қондырғыларын орнату және пайдалану ережелеріне (ЭҚЕ) сәйкес жерге тұйықтаудың қорғаныс өткізгішіне міндетті түрде қосылуы керек.
- Кішкентай балаларға қазандықтан алынған қаптау материалымен ойнауға жол бермеңіз (картон, пластик қалталар және т.б.) өйткені бұл олар үшін қауіп көзі болуы мүмкін.
- Газ қазандығын дұрыс орнатпау пайдаланушының немесе басқа тұлғалардың жеке қауіпсіздігіне қауіп төндіруі немесе газ жылыту қазандығының өзіне және басқа мүлікке зиян келтіруі мүмкін. Жертөледе газ қазандығын орнатуға жол берілмейді.
- Қазандықтың әртүрлі желдеткіш саңылауларын және ол орнатылған орынжайды жабуға тыйым салынады.
- Қазандық орнатылатын орынжайда осы орынжайда ауа алмасуды кемінде 2 есе қамтамасыз ететін жалпы алмасу желдеткіші болуы тиіс (яғни, орынжайдың 2 көлемі мөлшерінде ауаны сағатына $м^3$ тұрақты ауыстыру).
- Күйіктерді болдырмас үшін қазандық жұмыс істеп тұрған кезде түтін құбыры мен жылыту жүйесінің келтеқұбырларына қол тигізуге тыйым салынады, өйткені олардың температурасы жоғары. Қазандықтың сыртқы бетін тазарту бойынша кез-келген операцияларды жасамас бұрын, қазандықтағы температураның 40 °C дейін төмендеуін күтіңіз.
- Қазандықты орнатуды жұмыстың осы түріне рұқсаты мен лицензиясы бар және қолданыстағы мемлекеттік және жергілікті нормаларды, сондай-ақ осы нұсқаулықта баяндалған ұсыныстарды сақтай отырып мамандар ғана жүргізуі керек.
- Өндіруші монтаждау және пайдалану қателіктерінен туындаған залал үшін, сондай-ақ дайындаушының қолданыстағы мемлекеттік және жергілікті нормалары мен нұсқауларын сақтамағаны үшін жауап бермейді.
- Газ қазандығының бетін тазалау кезінде агрессивті тазалау құралдарын қолдануға болмайды.
- Жылытудың сақтандырғыш клапаны мен жылыту суын ағызу клапанына пайдаланушы өздігінен қызмет көрсетпеуі керек, мұнымен кәсіби маман айналысуы тиіс.
- Егер Сіз қазандықты бұдан былай пайдаланбауды шешсеңіз, ықтимал қауіп көзі болуы мүмкін бөліктерді қауіпсіздендіру керек.
- Егер қазандық жылдың суық мезгілінде пайдаланылмаса және қатып қалу қаупі болса, «Қазанды босату» бөліміндегі тиісті нұсқауларды орындаңыз.
- Орнату орындарын таңдау кезінде, газ қазандығы басқа электр жабдықтарынан 500 мм-ден астам қашықтықта болуы тиіс екенін ескеріңіз. Қазандықты индукциялық плиталар мен микротолқынды пештер сияқты күшті электромагниттік сәулелеуі бар аспаптардың жанына орнатуға тыйым салынады.
- Қазандық қатып қалудан және атмосфералық жауын-шашынның әсерінен қорғалған орынжайда орнатылуы тиіс.
  Орынжай келесі талаптарға сай болуы тиіс: СНиП 31-01-2003 (көппәтерлі үйлер үшін); СНиП 31-02-2001 (жеке үйлер үшін).
- Мүмкін болатын минималды өлшемдер — қазандықтың әрбір жағынан 50 мм, төменгі жағынан 200 мм, қазандықтың алдыңғы жағынан 250 мм және 500 мм. Қазандыққа техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды ыңғайлы жүргізу үшін бүйірлерінен кемінде 200 мм қалдыру ұсынылады.
- Қазандық пен жанғыш материалдар арасындағы ең аз қашықтық 500 мм құрайды. Егер қазандық ағаш қабырға сияқты жылуға сезімтал қабырғаға орнатылса, қорғау үшін тиісті оқшаулағыш материалдарды пайдалану керек.
- Қалыңдығы 20 мм-ден асатын отқа төзімді және жоғары температураға төзімді материалдарды пайдалану ұсынылады.

- Қазандықтар бақылау терезелерімен немесе іргелес беттермен тікелей байланысқа түседі, бұл күйіп қалу қаупін тудырады.
- Газ қазандығының қалыпты жұмысын бұзбау үшін басқа газ аспаптарынан белгілі бір қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.
- Жылутасымалдағыш ретінде құрамы ЕЖ 31-106-2002 және нұсқаулықта көрсетілген талаптарға сәйкес келетін су пайдаланылуы керек:
  РН — 7 — 9 бірл.
  Кермектік — 5 ммоль экв/л артық емес.
  Құрамындағы темір — 0,6 мг/л артық емес
  Электрөткізгіштік — 200 бірл. аспайды.
  Еріген оттегі — 0,1 мг/кг артық емес
  Механикалық қоспалардың, агрессивті заттардың, мұнай өнімдерінің және олардың туындыларының болуына жол берілмейді.
- Ерекше жағдайларда жылыту жүйелері үшін арнайы қатпайтын сұйықтықтарды пайдалануға рұқсат етіледі. Антифриздің ұсынылатын концентрациясы –15 °С-тан –20 °С-қа дейінгі қату температурасына сәйкес келуі керек.
  Екі контурлы қазандықтар үшін пропиленгликоль негізіндегі антифриздерді қолдану ұсынылады.
- «Antifreeze» мұздатуға қарсы режимі қазандық электр және газбен қамтамасыз етілген жағдайда ғана жұмыс істейді.
- Қазандық штепсельді ашасы бар электр кабелімен жиынтықталған. Электр кабелін ұзарту қажет болған жағдайда қимасы 3 х 1.5 мм жанбайтын оқшаулағыш қабығы бар үш желілі мыс кабельді пайдалану қажет.
- Сынған және/немесе қанағаттанарлықсыз жұмыс жағдайында өздігінен жөндеу немесе тікелей араласу әрекеттерінен аулақ бола отырып, қазандықты пайдалану мен оның жұмысын дереу тоқтату керек.
  Ақаулықты диагностикалау және қазандықты жөндеу үшін мамандандырылған сервистік ұйымға хабарласыңыз. Сіз уәкілетті сервистік орталықтардың тізімін Сатушыдан, https://haieronline.kz/support сайтынан немесе **8-800-250-43-05** сенім телефонына қоңырау шалу арқылы біле аласыз.
- Газ қазандығы жұмыс істеп тұрған кезде оның корпусын ашуға немесе қазандықты ашық панельмен іске қосуға тыйым салынады.
- Газ қазандығы тек орынжайларды жылыту үшін тікелей мақсатына сай пайдаланылуы керек, ал жылытылған ыстық су тек тұрмыстық-шаруашылық мақсаттарға арналған. Ыстық суды тамақ дайындау үшін немесе ауыз су ретінде пайдалануға тыйым салынады.
- Қазандықты өз бетінше бөлшектеуге тыйым салынады.
- Жылыту жүйесін, түтін шығару және электрмен жабдықтау жүйелерін қосу осы Нұсқаулықтың, тиісті техникалық нұсқаулықтар мен стандарттардың талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Қазандықты іске қосуға алдыңғы панель жабылған және түтін шығару жүйесі қазандыққа қосылған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Әйтпесе, қолайсыз пайдалану жағдайында мүлікке зиян келтіру, дене жарақаты немесе тіпті өмірге қауіп туындауы мүмкін.
- Қажеттілік болмаса, ыстық судың температурасын 50 °С-тан жоғары орнатпаған жөн, өйткені бұл қазандықтың жылу алмастырғышында қақтың көп түсуіне және оны жиі тазалау қажеттілігіне алып келеді.
  Сонымен қатар, бұл абайсызда күйікке әкелуі мүмкін.
- Қазандықты 230 В / 50 Гц айнымалы токқа қосу қолданыстағы федералды және жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы керек.

4. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық


4.1 Басқару панелі



№	Атауы	Сипаттамасы
1	Қосымша дисплей	Жылыту жүйесіндегі қысымды және «Antifreeze» қорғаныс функциясының іске қосылуын көрсетеді.
2	«CH Mode» / «Жылыту» батырмасы	Басу ұзақтығына байланысты оның мақсаты әртүрлі. Ұзақ басу (5 сек. және одан да көп) жылыту функциясын қосады немесе өшіреді. Функция қосылған кезде дисплейде тиісті белгіше көрсетіледі. Бір рет басу қазандықты мақсатты жылыту температурасын өзгерту режиміне ауыстырады. 5 секунд ішінде әрекетсіздік болған жағдайда температураны орнату режимі автоматты түрде өшеді, соңғы орнатылған температура мәні жадқа енгізіледі.
3	«-» батырмасы	Жылыту немесе ыстық су температурасын төмендету, мәзірдегі параметрлерді өзгерту, функцияларды ауыстыру және т. б. үшін пайдаланылады.
4	Дисплей	Баптау кезінде негізгі параметрлерді, қазандықтың жұмыс режимдерін және сервистік ақпаратты көрсетеді. Ақаулық туындаған кезде өзін-өзі диагностикалау жүйесі тиісті әріптік-сандық кодты шығарады.
5	«+» батырмасы	Жылыту немесе ыстық су температурасын жоғарылату, мәзірдегі параметрлерді өзгерту, функцияларды ауыстыру және т.б. үшін пайдаланылады.
6	«DHW Mode» / «Ыстық су» батырмасы	Басу ұзақтығына байланысты оның мақсаты әртүрлі. Ұзақ басу (5 сек. және одан да көп) ыстық суды дайындау функциясын қосады немесе өшіреді. Функция қосылған кезде дисплейде тиісті белгіше көрсетіледі. Бір рет қысқа басу қазанды ыстық судың мақсатты температурасын өзгерту режиміне ауыстырады. 5 секунд ішінде әрекетсіздік болған жағдайда температураны орнату режимі автоматты түрде өшеді, соңғы орнатылған температура мәні жадқа енгізіледі.
7	«Eco Mode» / «ЭКО режимі» батырмасы	Жылыту температурасы төмендетілген «ECO» энергия үнемдеу режимінде аспаптың жұмысын қосу немесе өшіру үшін қолданылады. Функция белсенді болған кезде дисплейде тиісті белгіше көрсетіледі.
8	«ON/OFF» батырмасы	Газ қазандығын қосуға немесе өшіруге арналған, ал дұрыс жұмыс істемеген және/немесе штаттан тыс жағдай туындаған жағдайда, ақаулық кодын дисплейде көрсете отырып, қазандықты бұғаттау кезінде батырманы басу қатені қалпына келтіреді және қазандықты қайта іске қосады.

Дисплей





Белгіше	Атауы	Сипаттамасы
8.8 bar	Жылыту жүйесіндегі қысым көрсеткіші	Жылыту жүйесіндегі жылу тасымалдағыштың қысымы нақты уақыт режимінде көрсетіледі.
	Wi-Fi	Қашықтан басқару функциясын пайдалану кезінде үй желісіне қосылған Wi-Fi модулі жағдайында таңба жанады.
	«Antifreeze» режимі	Таңба қазандық «Antifreeze» мұздатуға қарсы режимінде жұмыс істеп тұрған кезде жанады.
bar	Қысым бірліктері	Жылыту жүйесіндегі жылу тасымалдағыш қысымының өлшем бірліктері.
88	Температура мен ақаулық кодын көрсету белгішесі	Жұмыс режимінде тиісті контурда нақты температура көрсетіледі. Баптау/өзгерту кезінде нақты температура мақсатты температураға өзгереді. Төтенше жағдай туындаған кезде температура индикациясы ақаулықтың әріптік-сандық кодына ауыстырылады.
	«ЭКО режим»	Қазандық қуатты үнемдеу режимінде жұмыс істеген кезде таңба жанады.
	Жылыту	Қазандық жылыту үшін жұмыс істей алатын кезде белгі жанады. Қазандықты жылытуға қосуға сұраныс түскен кезде және оның осы режимде жұмыс істеуі кезінде жыпылықтайды.
	Ыстық су	Қазандық ЫСЖ жылыту үшін жұмыс істей алатын кезде белгі жанады. ЫСЖ режимінде қазандықты қосуға және оның осы режимде жұмыс істеуіне сұраныс түскен кезде жыпылықтайды.
	Жалын белгішесі	Оттықта жалын бекітілген кезде таңба жанады.
	Ақаулық	Қазандықтың қалыпты жұмысы кезінде таңба белсенді емес. Ақаулық пайда болған кезде жыпылықтайды және әріптік-сандық ақаулық кодымен бірге көрсетіледі.
℃	Температура өлшем бірлігі	Цельсий градусы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Қазандықтың автоматикасы батырмаларды қысқа мерзімді бір рет басуды (1 сек) және ұзақ (5 сек. және одан да көп) басуды ажыратады. Бұл жағдайда бір батырмаға екі түрлі функция қосылуы мүмкін, олар қысқа немесе ұзақ басу арқылы қосылады.

4.2 Газ қазандығын қосу/өшіру. Қатені қалпына келтіру және ақаулық болған кезде қазандықты қайта қосу.

4.2.1 Қазандықтың өшірулі күйінде басқару панеліндегі ⏻ батырманы басыңыз, қазандық іске қосу режиміне өтеді, дисплей әрқашан ақпаратты көрсету режимінде болады. батырмасын ⏻ қайта басу дисплейді өшіреді және қазандық өшеді;

4.2.2 Ақаулықты қалпына келтіру

Егер қазандықтың жұмысы немесе оның дұрыс жұмыс істемеуі кезінде қателер пайда болса, дисплейде тиісті ақаулық коды көрсетіледі және автоматика қазандықтың жұмысын бұғаттайды. Қатені қалпына келтіру және бұғатты ашу үшін ⏻ батырмасын басу керек, қазандық қайта іске қосылады. Қазандық қайта бұғатталған жағдайда, уәкілетті сервистік орталықтың маманын шақыру үшін **8-800-250-43-05** сенім телефонына хабарласыңыз.

4.3 Жұмыс режимдерін орнату

Қазандықтың екі негізгі режимде жұмыс істеу мүмкіндігі бар:
Қыстық режим — жылыту жүйесін жылыту және ыстық суды жылыту үнемі қажет болатын жылыту маусымы кезінде пайдалануға арналған.
Жазғы режим — негізінен жылы мезгілде, орынжайларды жылыту қажеттілігі болмаған кезде пайдалануға арналған. Бұл режимде қазандық жылыту жүйесін жылытуды қоспағанда, тек ыстық суды жылытуға (сұраныс бойынша) жұмыс істейді.
Қос тізбекті үлгілер әдепкі бойынша қысқы режимде жұмыс істеуге бапталған.
CH Mode батырмасын ұзақ басу (5 сек. және одан да көп) орынжайды жылыту функциясын қосады немесе өшіреді. Функция қосылған кезде дисплейде тиісті белгіше көрсетіледі. Жылыту функциясы өшірілгенде, белгіше сөніп, қазандық тек ыстық суды жазғы жылыту режиміне өтеді.

4.3.1 Жылыту жүйесіндегі температураны реттеу диапазоны жоғары температуралы (радиатор) жылыту жүйелері үшін 35–85 °C және төмен температуралы жылыту жүйелері үшін (жылы едендер) 35–60 °C құрайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жоғары температуралы жылыту жүйесінде қазандықты оңтайлы пайдалану үшін зауыттан максималды температура 75 °C деңгейінде шектеледі. Максималды температураны 85 °C дейін арттыру қажет болса, баптаулар мәзіріндегі «C1» параметрін өзгерту қажет, «Монтаждау жөніндегі нұсқаулықтың» 4.4-тармағын қараңыз.
Жылыту температурасын реттеу және өзгерту үшін **CH Mode** батырмасын басыңыз, температура өлшенгеннен нысаналыға ауысады.
┼ немесе — батырмаларын басу арқылы берілген температураны қажетті температураға дейін көтеріңіз немесе төмендетіңіз.
┼ немесе — батырмаларын бір рет басу температураны 1 °C қадаммен өзгертеді.
Қазандық Сіз орнатқан температураны автоматты түрде есте сақтайды және 5 секунд бойы әрекетсіздік болған жағдайда, дисплейде мақсатты температура нақты температураға өзгереді.

4.3.2 Ыстық су режимі және температураны орнату (берілген ыстық су температурасы диапазоны: 35–60 °C).
Ыстық су жүйесіндегі ыстық судың температурасын өзгерту үшін батырмасын басу керек, температура өлшенгеннен мақсаттыға ауысады. **DHW Mode** батырмаларын басу арқылы белгіленген температураны қажетті температураға дейін арттырыңыз немесе азайтыңыз. + немесе — батырмаларын бір рет басу температураны 1 °C қадаммен өзгертеді. Қазандық Сіз орнатқан температураны автоматты түрде есте сақтайды және 5 секунд бойы әрекетсіздік болған жағдайда, дисплейде мақсатты температура нақты температураға өзгереді.

4.3.3 Ыстық суды жылыту таймері.
Қосымша қауіпсіздік функциясы ретінде ыстық суды пайдалану уақыты 60 минут деңгейінде шектеледі, осы уақыттан асқан кезде су қазандық өшеді. Егер сізге әлі де ыстық суды пайдалану қажет болса, ыстық су шүмегін жауып, қайта ашыңыз, қазандық автоматты түрде ыстық суды жылыту режиміне қосылады.

Қажеттілік болмаса, ыстық судың температурасын 50 °C-тан жоғары орнатпаған жөн, өйткені бұл қазандықтың жылу алмастырғышында қақтың көп түсуіне және оны жиі тазалау қажеттілігіне алып келеді. Сонымен қатар, бұл абайсызда күйікке әкелуі мүмкін.

4.4 «ECO Mode/ЭКО режимі» энергия үнемдеу режимі

Пайдаланушы тұрғын үй-жайда болмаған кезде төмендетілген жылыту температурасымен қазандықтың үнемді жұмысының арнайы режимі. Оны іске қосу үшін басқару панеліндегі **Eco Mode** батырмасын басу керек. Бұл режимдегі қазандықтың жұмысы тиісті индикациямен көрсетіледі.
Батырманы қайта басу бұл режимді өшіреді және қазандықты жылытудың стандартты режиміне ауыстырады.

«Eco Mode»/«ЭКО режимінде» жұмыс істеген кезде қазандықты зауыттық орнату белгіленген нысаналы температураның 70%-ын құрайды. Температураның төмендеу пропорциясын өзгерту үшін баптаулар мәзірінде «Cu» параметрінің жаңа мәндерін орнату керек, «Монтаждау жөніндегі нұсқаулықтың» 4.4-тармағын қараңыз.

4.5 Қазандықты өшіру

4.5.1 Қысқа мерзімді өшіру

Қазандықты қысқа уақытқа өшіру үшін батырмасын басыңыз, бұл ретте дисплей сөнеді. Жылутасымалдағыш төмен температураларға жеткен кезде оның қатып қалуын болдырмауға арналған айналым сорғысы мен оттықты қосуға мүмкіндік беретін «Antifreeze» мұздатуға қарсы қорғаныс функциясы, егер қазандық энергиямен және газбен жабдықтау жүйесіне қосылған күйінде қалатын болса, белсенді болып қалады.

4.5.2 Ұзақ мерзімді өшіру

Егер қазандықты ұзақ уақыт өшіру қажет болса, онда қазандықты энергиямен және газбен жабдықтаудан қосымша ажырату ұсынылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Ықтимал теріс температура жағдайында қазандық пен жылыту жүйесінен суды төгіп тастаңыз, МОнтаждау жөніндегі нұсқаулықтың 4.1.3 «Жылыту жүйесін босату» және 4.1.4 «Ыстық су жүйесін босату» тармақтарын қараңыз.
Егер жылыту жүйесінің жылутасымалдағышя ретінде антифриз қолданылатын болса, онда жылыту контурын босатудың қажеті жоқ. Алайда, кез келген жағдайда, су қалдықтарының қатып қалуын болдырмау үшін ыстық су құбырының қыздыру контурын босату керек.
Қазандық ұзақ уақытқа өшірген жағдайда, оны кейіннен іске қоспас бұрын, қазандық пен жылыту жүйесін тексеру үшін уәкілетті сервистік орталықтың техникалық маманын шақырыңыз.

4.6 Экранды өшіру күйі

Қазандық жұмыс істемеген кезде немесе құрылғының жұмыс күйінде, басқару панелінің батырмаларына соңғы әсер еткеннен кейін 2 минуттан кейін, немесе құрылғы күту режимінде болғанда экран әрқашан өшірулі болады. Дисплейді қосу үшін кез келген батырманы басыңыз. Дисплей қазандық оттықты қосқанда автоматты түрде іске қосылады.

4.7 Диагностика және ақаулықтарды жою

- Ғимараттың сыртқы қабырғасын кез келген жүйенің түтіндігімен/ауаөткізгішімен (құбырларымен) қиып өту үшін қабырғада диаметрі 120 мм тесік жасалуы керек. Құбырдың сыртқы беті мен қабырғадағы тесік арасындағы саңылау (60/100 мм коаксиалды жүйе үшін 10 мм және 80 және 80 мм бөлек жүйе үшін 20 мм) құбырға (құбырларға) сыртқа қажетті көлбеу және бөлшектеу немесе жайғасымын өзгерту мүмкіндігін беру үшін қолданылады.
- Пайда болған саңылау қабырғаның ішкі және сыртқы жағынан жылу оқшаулағышпен жабылуы керек.



Қауіпті

1. Көміртегі тотығымен улану қаупі.
2. Егер таңдалған ауа қабылдағыш/түтін шығарғышты монтаждау орны дұрыс таңдалмаса, түтін ғимаратқа түсуі мүмкін;
3. Дұрыс орнатпау жаңбыр суының түсуіне және қондырғының зақымдалуына әкелуі мүмкін.

2.5 Қосылымдарды тексеру

- Құбыржолдардың барлық түйіспелерінің дұрыс орналасуын қамтамасыз ету қажет;
- Жылыту суын беріс және бұрыс құбыржолдарында шүмектерді (ысырмаларды/шұраларды/клапандарды) ашу, жылыту жүйесін кемінде 1,5 бар қысымға дейін толтыру қажет;
- Барлық қосылымдарда ағып кетудің бар-жоғын тексеріңіз;
- Қосылудың дұрыстығын және газ құбырының саңылаусыздығын тексеру қажет;
- Орнатудың сенімді екеніне және тығыздағыштың зақымдалмағанына көз жеткізу үшін түтіндік қосылымын тексеру қажет.

3. Электр қосылымдары

3.1 Электрлік қуат көзі

Қазандықты 230 В / 50 Гц айнымалы ток желісіне қосу қолданыстағы федералды және жергілікті электр қондырғыларын орнату және пайдалану ережелеріне сәйкес орындалуы керек.
Жұмыс кернеуінің диапазоны 110–250 В құрайды. Бұл диапазонда қазандықтың қысқа уақыт ішінде жұмыс істеуі мүмкін. Егер қуат көзі желісінің кернеуі өзгеше болса немесе пайдалану кезеңінде номиналдыдан ±15% артық өзгеруі мүмкін болса, құрылғының дұрыс және ақаусыз жұмыс істеуі үшін қазандыққа берілетін тұрақты және өзгермейтін кернеуді қамтамасыз ететін кернеу тұрақтандырғышын орнату қажет.
Қазандықты номиналды тогы 2 А болатын екі полюсті сыртқы қорғаныс автоматы арқылы, қорғанысты өшіру құрылғысымен (ҚӨҚ) немесе ұқсас сипаттамалары бар дифференциалды екі полюсті ажыратқыш арқылы стационарлық қосу ұсынылады;
Электр тогымен зақымданудан қорғау дәрежесі бойынша қазандық қолданыстағы федералды және жергілікті электр қондырғыларын орнату және пайдалану ережелеріне (ЭҚЕ) сәйкес жерге тұйықтаудың қорғаныс өткізгішіне міндетті түрде қосылуы керек.
Қазандықтың жер шинасы мен корпусында әлеуеттің болуына жол берілмейді, әйтпесе қазандық дұрыс жұмыс істемеуі немесе апаттық сигнал шығарумен өз жұмысын толығымен бұғаттауы мүмкін.
Жерге тұйықтау болмаған кезде немесе жер шинасында әлеует болған кезде қазандықты гальваникалық айырбасы бар трансформатордың көмегімен қосу ұсынылады.
Электрониканы жоғары импульстік кернеулерден қорғау мақсатында (мысалы, найзағай кезінде) қазандықтың электр қуат беру желісіне қосымша қорғаныс құрылғысын орнату ұсынылады.
Әйтпесе, электрониканың зақымдануын болдырмау үшін электр желісінде жоғары импульстік кернеулер пайда болған кезде қазандықты ажырату қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Қазандықтың электрондық құрауыштарының оның электр желісіне қосылысының бұзылуынан немесе электр жнлісінің параметрлері номиналдыдан ауытқыған кезде оны пайдаланудан туындаған зақымдану кепілдікті болып табылмайды.

Қауіпті Аспаптың электр бөлігімен байланысты кез келген жұмыстарды орындау кезінде электрмен жабдықтауды өшіріңіз.


3.2 Бөлме термостатын қосу

- Орынжайдағы ауа температурасын ыңғайлы және автоматты түрде ұстап тұру үшін бөлме термостатын пайдалану ұсынылады. Жылыту жүйесі орынжайды қызып кетпестен белгіленген температураны ұстап тұру үшін қажет жылу мөлшерін береді. Айта кету керек, әрбір қосымша Цельсий градусына ауаны жылыту энергия тұтынудың шамамен 5%-ға артуын білдіреді.
- Бағдарламаланатын бөлме термостатын қолдана отырып, сіз әртүрлі уақыт кезеңдерінде температураны ұстап тұрудың жеке кестесін орната аласыз, мысалы, жатын бөлмедегі түнгі температураны күндізгіден шамамен 5 °C төмен етіп қоюға болады, бұл ұйқы кезінде демалуға жағымды әсер етеді.
- Бөлме термостатын басқару тақшасынан қосу үшін электронды басқару тақшасының қорғаныс қорабының артқы қақпағында орнатылған қосқышы бар арнайы бұрандалы клемма шығарылған. Термостатты қосқан кезде қосқышты алып тастаңыз.
- «Құрғақ типтегі» түйіспелері бар «EcoHeat RT-i» үлгісіндегі Haier термостатын пайдалануды ұсынамыз. Тиісті қиманың сымын бір жағынан бөлме термостатының клеммаларына, ал екінші жағынан бұрандалы схеманың бөлшектелген қосқышының орнына қосыңыз. Қазандық бөлме термостаты байланыс тобын тұйықтаған кезде жұмысқа қосылады және оны ажыратқан кезде өшеді.



3.3 Бөлме температурасы датчигін қосу


- Опция ретінде газ қазандығын басқару тақшасына қосымша бөлме температурасы датчигін қосуға болады (стандартты жиынтықтамаға кірмейді, бөлек сатып алынады).
- Бөлме температурасы датчигін пайдалану бөлмедегі NTC датчигінің «Room comfort» жұмыс функциясын қосуға мүмкіндік береді. Бұл режимде қазандық автоматикасы орынжайдағы температура туралы ақпарат ала отырып, орнатылған бөлме температурасын жоғары дәлдікпен сақтай отырып, жылу қуатын талдайды және динамикалық түрде реттейді.
- Датчик клеммасын электрондық тақшадағы CN15 ағытпасының жауап бөлігіне жалғаңыз. Датчик сымының ұзындығы жетіспеген жағдайда, оны дәнекерлеу арқылы ұқсас қиманың (немесе одан да үлкен) сымымен ұзартуға рұқсат етіледі.
- Монтаждау жұмыстарын орындағаннан кейін бөлме температурасы датчигін қосу үшін оны белсендіру үшін PC = 01 параметрінің мәнін орнату керек, Теңшелімдер мәзірін 4.4 «Монтаждау нұсқаулары» тармағынан қараңыз.




- Бөлме датчигі бойынша жұмыс функциясын белсендіру үшін инженерлік мәзірді кәсіби баптау қажет. Толық нұсқаулар сервистік нұсқаулықта немесе https://haierproff.ru/heaters/catalog/gas_boilers/ сайтында берілген қазандық моделінің тиісті бөлімінде келтірілген.
- Іске қосылғаннан кейін басқару панеліндегі жылыту температурасы бөлме температурасына ауысады және басқару панелінен + және — батырмаларының көмегімен оны 5-тен 40 °C-қа дейін өзгертуге болады.

3.4 Көше температурасы датчигін қосу

- Көше температурасы датчигін қосқаннан кейін (стандартты жиынтықтамаға кірмейді, бөлек сатып алынады) «Outdoor sensor» ауа райына тәуелді режимде жұмыс функциясын белсендіруге болады.
- Бұл режимде қазандықтың автоматикасы сыртқы температураның өзгеруін қадағалайды және жылыту жүйесіндегі жылу тасымалдағыштың температурасын автоматты түрде реттейді, осылайша есептік бөлме температурасы тұрақты жайлы деңгейде қалады.
- Көше температурасы датчигі қосылған қазандық жұмыс істеп тұрған кезде, қазандықтың басқару панелінде нақты жылыту температурасы көрсетіледі. «Жылыту» батырмасын басқан кезде дисплейде есептік бөлме температурасы көрсетіледі.
- Датчик клеммасын электрондық тақшадағы CN15 ағытпасының жауап бөлігіне жалғаңыз. Датчик сымының ұзындығы жетіспеген жағдайда, оны дәнекерлеу арқылы ұқсас қиманың (немесе одан да үлкен) сымымен ұзартуға рұқсат етіледі.
- Ауа райына тәуелді режимде жұмыс функциясын белсендіру үшін инженерлік мәзірді кәсіби баптау қажет. Бұл жұмыстарды Уәкілетті Сервистік Орталықтың білікті маманы жүргізуі керек. Толық нұсқаулар сервистік нұсқаулықта немесе https://haier-proff.ru/heaters/catalog/gas_boilers/ сайтында қазандық моделінің тиісті бөлімінде келтірілген.




- Монтаждау жұмыстарын орындағаннан кейін көше температурасы датчигін қосу үшін оны белсендіру үшін PC = 02 параметрінің мәнін орнату керек, Теңшелімдер мәзірін 4.4 «Монтаждау нұсқаулары» тармағынан қараңыз.
- Көше температурасы датчигі бойынша қазандықтың жұмыс параметрлерін баптау жылыту параметрлерінің инженерлік мәзірінде жүзеге асырылады.
- Инженерлік мәзірге кіру тәртібі «Монтаждау нұсқаулары» 4.4 тармағында сипатталған баптаулар мәзірінің (10-код) кірісіне ұқсас, бірақ 15-код арқылы.

Параметр	Атауы	Зауыттық мәндер	Ауқым
CC	**CC** параметрі көше температурасы датчигінен алынған деректерді пайдалана отырып, «Outdoor sensor» ауа райына тәуелді режимінде қазандық жұмысының функциясын қосу немесе өшіру үшін қолданылады.		
	Ауа райына тәуелді режимде басқару	00	00 — Өшірулі 01 — Қосулы
Cd	**Cd** параметрінде қажетті көлбеу бұрышы бар қисықты таңдау керек. Көлбеу бұрышы неғұрлым сүйір болса, жылыту жүйесінің қыздыру температурасы соғұрлым төмен болады және керісінше, неғұрлым доғал бұрышы бар көлбеу қисығын таңдаған кезде — жылыту қыздыру температурасының көрсеткіштері көше температурасының бірдей мәндерінде жоғары болады.		
	Көлбеу қисықты таңдау	07	01 = E1 02 = E2 03 = E3 04 = E4 05 = E5 06 = E6 07 = E7 08 = E8 09 = E9
			
CE	**CE** параметрінің көмегімен таңдалған мәнге байланысты көлбеу қисықтардың тік ығысуын жүргізуге болады. Параметр көше температурасына байланысты есептік (виртуалды) бөлме температурасының сәйкестігін дәл баптау үшін қолданылады.		
	Көлбеу қисықтың ығысуы	00	00 = ығысу жоқ 01 = - 12 °C 02 = - 9 °C 03 = -6 °C 04 = - 3 °C 05 = + 3 °C 06 = + 6 °C 07 = + 9 °C 08 = + 12 °C

3.5 Сыртқы сорғыны қосу


- Егер жылыту жүйесінде қосымша сыртқы сорғы қажет болса, оны гидравликалық бөлгіштен кейін орнатуды ұсынамыз, бұл жылу тасымалдағыштың минималды қысым релесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді, сонымен қатар ыстық сумен жабдықтау жұмысына әсер етпейді. Қазандықтың автоматикасы қосымша сорғыны басқара алады, жұмыс логикасы қазандық сорғысына ұқсас болады, қазандық ЫСЖ режимінде жұмыс істеген кезде сыртқы сорғыны өшіруді қоспағанда.
- Сорғыны қазандықты басқару тақшасының CN21 клеммасына қосыңыз.

1. Қосылу үшін кем дегенде 0,75 мм² өзек қимасы бар кабельді пайдаланыңыз.
2. Басқару тақшасындағы жүктеме 1,5 А-дан аспауы керек. Егер сорғының көрсеткіштері қажеттіден жоғары болса, қосымша контактор немесе тиісті сыртқы релені орнату керек.
3. Қазандық тақшасының шығыс клеммасындағы сорғының қуат кернеуі 230 В/50 Гц құрайды.



3.6 Бойлер датчигін қосу

1 3.6.1 Бойлерді қосудың принципиалды схемасы



Екі контурлы үлгілерді қосу
2.24/2.32TW
сыртқы үш жолды клапанның көмегімен

2 3.6.2 Жанама қыздыру бойлерінің температура датчигін қосу

Датчиктің сезімтал элементін бойлердің арнайы гильзасына орнату керек, ал клемманың жауап бөлігін басқару тақшасының CN27 ағытпасына қосу керек.
NTC датчик сымының ұзындығы жетіспеген жағдайда, оны дәнекерлеу арқылы ұқсас қиманың (немесе одан да үлкен) сымымен ұзартуға рұқсат етіледі.


Ескерту
Бойлер температурасының
NTC датчигінің параметрлері:
25°C температурада 49.12KΩ.



3 3.6.3 Сыртқы үш жүрісті клапанды қосу

Екінші тілімшелі жылу алмастырғыштың ағынды режимінде ыстық суды қыздыратын екі контурлы қазандық үлгілерін жанама қыздыру бойлеріндегі суды жылытуға ауыстыруға болады. Ол үшін 3.4.1 схемасына сәйкес сыртқы 3-жүрісті клапанды орнату керек және оны қазандықтың штаттық электр сымдар жүйесі арқылы электрмен қосу керек:


1. Сыртқы 3-жүрісті клапанның сервожетегін қосу ішкі сервожетекті басқарудың штаттық кабелінің көмегімен жүзеге асырылады.
2. Сыртқы 3-жүрісті клапанның сервожетегін оның құжаттамасына сәйкес қосыңыз, бұл ретте қазандықтың штаттық ішкі сервожетегінің ағытпа клеммалары:
   1 — N (Нөл).
   2 — L1 (Жылыту фазасы)
   3 — L2 (Ыстық су фазасы)
3. Қосылған клемманы қазандықты басқару тақшасының CN5 клеммасына салыңыз.



Қауіпті

1. Сымды қосу қазандық электр желісінен ажыратылған кезде жасалуы керек, әйтпесе бұл жарақатқа әкелуі мүмкін.
2. Үш жүрісті клапанның кабельдері дұрыс жалғануы керек, әйтпесе жүйе тиісті түрде жұмыс істемейді.
3. Жоғары кернеулі электр қосылыстары оқшауланууы керек, әйтпесе бұл электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.

3.7 Электр қосылымдарының қағидалық схемасы




Өнімнің үнемі жақсаруына байланысты нақты қосылысы схемада көрсетілгеннен біршама өзгеше болуы мүмкін.

4. Пайдалану және баптау

4.1 Қазандықты толтыру/толықтыру және жүйені босату

1 4.1.1 Қазандықты толтыру

- Айналым сорғысындағы автоматты ауашығарғыш қақпағын 1,5–2 айналымға бұрап алыңыз;
- Радиаторлардағы ауа шығатын шүмектерді ашыңыз (Маевский шүмектері);
- Толтыру және толықтыру шүмегін ақырын ашыңыз және жүйеде орнатылған ықтимал автоматты ауа шығару клапандары дұрыс жұмыс істейтінін бақылай отырып, жылыту жүйесін толтырыңыз;
- Радиаторлардың ауа шығатын шүмектерін олардан су шыға бастаған сәтте жабыңыз;
- Жүйедегі қысымның оңтайлы мәнге жеткенін және 1,2–1,5 бар шегінде екенін тексеріңіз, содан кейін толықтыру шүмегін жабыңыз.



Жылыту жүйесін толтыру немесе толықтау кезінде жылутасымалдағыш ретінде пайдаланылатын судың құрамында агрессивті компоненттер жоқ екеніне және қойылған талаптарға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз:
РН — 7–9 бірл.
Кермектік — 5 ммоль экв/л артық емес.
Құрамындағы темір — 0,6 мг/л артық емес
Электрөткізгіштік — 200 бірл. аспайды.
Еріген оттегі — 0,1 мг/кг артық емес
Механикалық қоспалардың, агрессивті заттардың, мұнай өнімдерінің және олардың туындыларының болуына жол берілмейді.
ОТ функциясын байланыстыру кезінде контроллер көрсететін су қысымының мәні машинадағы су қысымының нақты мәні емес. Жылыту жүйесіндегі су қысымының нақты мәні қазандықтағы су қысымын өлшегіш көрсететін мәліметтерге байланысты.

2 4.1.2 Қайта толтыру

- Қазандықты пайдалану кезінде кіріктірілген манометр бойынша жылу жүйесінің контурындағы қысымды бақылау қажет. Жұмыс қысымының диапазоны 1,2-ден 1,5 барға дейін болуы керек.
- Жылыту жүйесін босатқаннан кейін оны толықтыру кезінде автоматты ауашығарғыштар арқылы жылыту жүйесінен көп мөлшерде ауа шығуына байланысты қысым төмендейді және 04 қатесі пайда болуы мүмкін.
- Жылыту жүйесінің қысымы 1,2 бардан төмендеген жағдайда жылыту жүйесін толықтыру қажет.

1. Қазандықты ұсынылған мәнге дейін толтырғаннан кейін толтыру шүмегін жабу керек.
2. Сақтандырғыш клапанның дренаждық құбыры ағынның үзілуімен кәрізге қосылуы керек.
3. Қазандықты жиі толықтыру кезінде қазандықтың және/немесе жылыту жүйесінің ақауларын анықтау үшін уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

3 4.1.3 Жылыту жүйесін босату

Жылыту жүйесін босату:
1. Газ қазандығы мен жылыту жүйесінің барлық бекітпе клапандарын ашу қажет.
2. Су ағып кетпейінше, жылыту жүйесінің ең төменгі жерінде дренаждық клапанды ашу қажет, бұл жылыту жүйесінің босатылғанын растайды, содан кейін дренаждық клапанды жабу қажет.

Қауіпті Босатуды бастамас бұрын газ қазандығының қуат көзін өшіру керек.

4 4.1.4 ЫСЖ жүйесін босату

1. Қазандыққа құбырлық су кіреберісіндегі бекітпе клапанды жабыңыз.
2. Шаруашылық сумен жабдықтау жүйесін толығымен босату үшін қазандықтың астында орналасқан ыстық су шүмегін ашу қажет.

4.2 Іске қосу және пайдалану

Қауіпті
1. Жылуалмастырғышты сумен толтырмай қазандықты қосуға тыйым салынады.
2. Қазандықтың зауытта есептелген және бапталған газ түріне қосылғанына көз жеткізіңіз.
3. Жылу жүйесіндегі қысым кем дегенде 1,2 бар екенін тексеріңіз.

Қазандықты пайдалануға берер алдында техникалық маман алынған деректерді тексеруге және «Пайдалануға беру актісіне» енгізуге міндетті:
- Электр желісінің параметрлері, жерге тұйықтау, кернеу тұрақтандырғышы және қосымша қорғаныс құрылғыларының болуы.
- Жылыту жүйесінің дұрыс қосылуы мен саңылаусыздығы және ондағы қысым;
- Кеңейту бағын айдау қысымы;
- Қосылу дұрыстығы және газ құбырының саңылаусыздығы;
- Түтіндік пен ауаөткізгішке дұрыс қосылу, максималды ұзындықтарға сәйкестік;
- Қазандық орнатылатын орынжайдың ағынды желдетілуі және сорындысы;
- Реттеу және апаттық құрылғылар мен элементтердің жұмыс істеуі.

Зерттеу нәтижелері бойынша алғашқы іске қосуды жүргізетін техникалық маман осы жабдықтың дайындаушы зауыттың нұсқауларына, қолданыстағы федералды және жергілікті нормаларға сәйкестігі туралы шешім шығарады, сонымен қатар қазандықты пайдалану мүмкіндігін растайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Зерттеудің қанағаттанарлықсыз нәтижелері кезінде қазандықты пайдалануға беруге тыйым салынады.

- Бұл ретте техникалық маман іске қосу мен жөндеу жұмыстарына кедергі келтіретін анықталған кемшіліктерді жою қажеттігі туралы тиісті ұйғарым шығаруға және осы кемшіліктерді қалай дәл жоюға болатындығы туралы тиісті ұсынымдар беруге міндетті.
- Оң шешім қабылданған жағдайда қазандықты пайдалануға беруге және оның құрылғылары мен автоматикасын баптауға рұқсат етіледі.
- Қазандықты баптағаннан кейін оған дайындаушы зауыттың кепілдік шарттары толығымен қолданылады.
- Іске қосу мен жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін техникалық маман пайдаланушыны қазандықты пайдалану ерекшеліктерімен таныстыруға және сервистік орталықтың қолымен және мөрімен куәландыра отырып, қазандықты пайдалануға беру күнін кепілдік талонына енгізуге міндетті.

4.3 Оттықтағы газды тексеру және реттеу

1 4.3.1 Оттықтағы газды тексеру және реттеу:

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Газ клапанын реттеуді білікті маман аттестатталған өндіруші және жұмыстың осы түрін растайтын сертификаты барлар жүргізуі тиіс. Газ клапанын және қазандық жұмысының басқа параметрлерін реттейтін сервистік мәзір баптауларының ерекшеліктерін білмеу қазандықтың дұрыс жұмыс істемеуіне немесе кейбір жағдайларда оның бұзылуына әкелуі мүмкін. Қазандықтың жұмысын қалпына келтіру және сервистік мәзір баптауларын өзгерту жұмыстары өндірушінің кепілдігімен қамтылмайды және оны тұтынушы төлейді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Осы бөлімде сипатталған операциялар кезінде қазандық кернеуде болады.
Электр бөліктеріне қол тигізуге қатаң тыйым салынады.
Өндіруші зауыттағы газ клапаны 20 мбар кіріс газ қысымында табиғи газбен жұмыс істеу үшін реттелген; сұйытылған газды пайдалану кезінде кіріс қысымы кемінде 28 мбар болуы керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


Газ оттық құрылғыдағы қысымды реттеу электрондық тәсілмен жүргізіледі. Газ клапанына механикалық реттеулер енгізбеңіз және зауыттық тығыздағыштарға зақым келтірмеңіз. Қазандық тиісінше минималды және максималды қуатпен жұмыс істеген кезде газ оттық құрылғыға түсетін газ қысымын өлшеу арқылы газ клапанының баптауын тексеру қажет. Ол үшін газ клапанын баптау мәзіріне кіру керек.
Қазандықты өшіріп, ⏻ батырмасын қайта басып қосыңыз. Қазандықты қосқаннан кейін бірден басқару панеліндегі **Eco Mode** батырмасын төрт рет қатарынан басыңыз. Дисплейде температура көрсеткіштері «PL» таңбаларына ауысады, бұл клапан баптаулары мәзіріне кіруді растайды.

Баптау режимінің екі режимі бар:
«PL» — қазандық минималды қуатпен жұмыс істеген кезде газ клапанын баптау режимі.
«PH» — қазандық максималды қуатпен жұмыс істеген кезде газ клапанын баптау режимі.
Мәзір карусель құрылымына ие және + немесе — батырмаларын басу арқылы дисплейдегі таңбалар «PL»-ден «PH»-ға ретімен ауысады.
Алдымен оттықтағы қысым минималды «PL» қуат кезінде, содан кейін максималды «PH»-пен бапталатынын ескеру қажет.


Іс-қимыл тәртібі




1. Қазандықты қосқаннан кейін басқару панеліндегі **Eco Mode** батырмасын төрт рет қатарынан басыңыз. Дисплейде температура көрсеткіштері «PL» таңбаларына ауысады.



2. **CH Mode** батырмасын басу арқылы PL реттеу режиміне кіру орындалады. Бұл жағдайда қазандық минималды оттық қуатымен жұмыс істеуге мәжбүр болады, бұл сервистік инженерге өлшеу жүргізуге және қажет болған жағдайда газ қысымын түзетуге мүмкіндік береді.
Газ қысымын арттыру үшін + батырмасын басу керек, бұл кезде сервистік параметрлердің көрсеткіші үлкен бағытта өзгереді, ал оттықтағы газ қысымы артады. Егер оттықтағы газ қысымын керісінше азайту қажет болса, — батырмасын басу керек, ал сервистік параметрлердің көрсеткіші төмен қарай өзгереді және оттықтағы қысым сәйкесінше төмендейді.



3. «Максималды жылыту қуатын баптау» PH сервистік мәзірінде келесі пунктті орнатыңыз. Ол үшін + немесе — батырмаларын дисплейдегі таңбалар «PH» болып өзгергенше басыңыз және оған кіру үшін **CH Mode** пернесін бір рет басыңыз. Дисплейде сервистік әріптік-цифрлық таңбалардың көрсетілуі Сіздің кіргеніңіздің растауы болады (бұл таңбалар оттықтағы газ қысымының нақты белгісін көрсетпейді).




4. Газ қысымын арттыру үшін + батырмасын басу керек, бұл кезде сервистік параметрлердің көрсеткіші үлкен бағытта өзгереді, ал оттықтағы газ қысымы артады. Егер оттықтағы газ қысымын керісінше азайту қажет болса, — батырмасын басу керек, бұл ретте сервистік параметрлердің көрсеткіші төмен қарай өзгереді және оттықтағы қысым сәйкесінше төмендейді. **CH Mode** пернесін бір рет басқанда, қазандықтың автоматикасы орнатылған мәнді есте сақтайды және газ клапанын баптаудың сервистік мәзіріне шығады.

Газ клапанын баптау мәзірінен шығу
(1) ⏻ батырмасын пайдаланып қуат көзін өшіріңіз.
(2) Егер 3 минут ішінде оттық қосылмаса (жалын шықпаса), мәзірден шығу автоматты түрде орындалады.


Табиғи:

Үлгілер	Max (PH), Па	Min (PL), Па
EvoLine S 2.24TW	1100±10	160±10
EvoLine S 2.32TW	1100±10	160±10



2 4.3.2 Қазандықты сұйытылған газға ауыстыру

Жұмысты бастамас бұрын газды жауып, қазандықты электр қуатынан ажыратыңыз.



Саптамалары бар газ рампасы.


Зауыттық орындалым қазандықты табиғи газбен пайдалануды қарастырады. Қажет болған жағдайда сұйытылған газға қайта баптау және одан әрі пайдалану ықтимал. Қазандықты газдың басқа типіне ауыстыруды тек уәкілетті сервистік орталықтың техникалық персоналы, газ шаруашылығының техникалық мамандары немесе жұмыстың осы түрін жүргізуге лицензиясы мен рұқсаты бар басқа ұйымдар ғана жүргізе алады.

Іс-қимыл тәртібі:

1. Бекіту бұрандаларын бұрап алу арқылы газ рампасын бөлшектеңіз.
2. Тиісті жинақтарды пайдаланып рампадағы саптамаларды ауыстырыңыз:
MechLine қазандықтары үшін (қуаты 18 кВт) — 0040817572 (Ø0.94 x 9 дана)
MechLine қазандықтары үшін (қуаты 24 кВт) — 0040817573 (Ø0.94 x 12 дана)
EvoLine S қазандықтары үшін (қуаты 24 кВт) — 0040817573 (Ø0.94x 12 дана)
EvoLine S қазандықтары үшін (қуаты 32 кВт) — 0040823263 (Ø0.94x 15 дана)
3. Газ рампасын кері ретпен орнатыңыз және қосылыстардың тығыздалғанына көз жеткізіңіз.
4. «P5» = 30 параметрінің мәндерін өзгерту арқылы табиғи газ типінен сұйытылған газ типіне бағдарламалық өзгерістер енгізіңіз. P5 газ типіндегі баптаулардың өзгерістерін растау үшін P7-ге кіріп, P7 = 01 параметрінің мәндерін орнату арқылы өзгертулерді жүктеу керек (4.4 «Монтаждау жөніндегі нұсқаулар» тармағының баптаулар мәзірін қараңыз).
5. Кестелік мәндерге сәйкес оттықтағы сұйытылған газдың қысымын тексеру және қажет болған жағдайда түзету. Қазандықтың алдындағы сұйытылған газдың қысымы кемінде 28 мбар болуы керек.

Сұйытылған газ:

Үлгілер	Max (PH), Па	Min (PL), Па
EvoLine S 2.24TW	1440±10	240±10
EvoLine S 2.32TW	1440±10	240±10




Газ клапанын реттеуді тиісті рұқсаты мен Haier сертификаты бар оқытылған мамандар ғана жүзеге асыруы керек.

Газ қысымын өзгертудің өлшеу және/немесе реттеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін газ қысымн өлшеу үшін пайдаланылған газ клапанындағы келтеқосқыштардың бітеу бұрандаларын мұқият жабу қажет. Тығыздалудың жақсы, ағып кетусіз болғанына көз жеткізіңіз.

4.4 Баптаулар мәзірі

Бұл параметрлердің өзгерістері қазандықтың дұрыс жұмыс істеуіне әсер етуі мүмкін. Тұтынушыға параметрлердің мәндерін өз бетінше өзгерту ұсынылмайды.


Іс-қимыл тәртібі




1. Қазандық өшірулі немесе ақаулы күйде болғанда + және — батырмаларын бір уақытта басып тұрыңыз. 5 секундтан кейін дисплейде «00» көрсетіледі.




2. Дисплейде «10» көрсету үшін + батырмасын басыңыз.



3. Растау үшін **CH Mode** батырмасын басыңыз. Дисплейде P0 параметрі көрсетіледі.



4. батырмасын + басу арқылы дисплейдегі параметрлер дәйекті түрде өзгереді: P0, P5, P8, P9, Pc, A1, A2, A6, b6, b8, C0, C1, C4, C7, C9, Cb, CU, d0, d1, d5, db, dC, h1, h2.



5. Қажетті параметрдің мәндерін өзгерту үшін оны таңдап, **CH Mode** батырмасын басыңыз. ┼ немесе — батырмаларын пайдаланып мәнді өзгертіңіз және растау үшін **CH Mode** батырмасын басыңыз. Автоматика жаңа мәнді есте сақтайды және параметрлерді таңдау мәзіріне өтеді.

Шығу:

1. Қажетті параметрлерді өзгерткеннен кейін баптаулар мәзірінен шығу ┼ және — батырмаларын бір уақытта басу және 5 секунд ішінде ұстап тұру кезінде, немесе 30 секунд ішінде бірде-бір батырма басылмаса, жүзеге асырылады.
2. Егер сіз қатарынан үш рет қате құпиясөз енгізсеңіз немесе 30 секунд ішінде бірде-бір батырма басылмаса, автоматика автоматты түрде параметрлер мәзірінен шығады.

Параметр	Атауы	Әдепкі мән	Сипаттамасы
P0	**P0** параметрі қазандықтың типіне және ыстық су жүйесінің конфигурациясына байланысты қазандықтың жұмыс режимін таңдауға жауап береді. Екі контурлы үлгідерде зауыттық баптау 00, ал бір контурлы үлгідерде 01 болады.		
	Жұмыс режимін таңдау	00	00 — жылыту + тілімшелі жылу алмастырғышпен ЫСЖ жылыту (екі контурлы қазандық) 01 — жылыту + жанама жылыту бағы (бір контурлы қазандық) 02 — тек жылыту 03 — тек жанама жылыту бағы
P5	**P5** параметрі қазандық жұмыс істейтін газ типін баптауға жауап береді. Табиғи газдағы қазандықтың жұмысын зауыттық баптау, қазандықтың жұмысын сұйытылған газға ауыстыру үшін саптамаларды ауыстыру қажет, 4.3.2-тармақты қараңыз және параметрді 30-ға өзгертіңіз		
	Газ типі	00	00 — табиғи газ (NG) 30 — сұйытылған газ (LPG)
P8	**P8** параметрі оттықтың жұмыс логикасын баптауға жауап береді. Осы параметрдің баптауларын өзгерту арқылы сіз 1/3, 2/3 немесе 3/3 деңгейінде ыстық сумен жабдықтау режимінде минималды қуатпен жұмыс істегенде оттық сегменттерінің санын таңдай аласыз. Жұмыста оттық сегменттерінің саны неғұрлым аз болса, минималды жылу қуаты соғұрлым аз болады		
	«ЫСЖ» жұмысы кезінде оттықтың белсенді сегменттері	3	1 — Оттықтың сегменттері белсенді емес. min қуатта бүкіл оттық жұмыс істейді, қуат тек газ клапанымен модуляцияланады. 2 — Оттықтың 2 сегменті белсенді. Минималды қуатта оттықтың екі сегменті жұмыс істейді, қуат газ клапанымен және газ рампасындағы бір қосымша өшіру клапанымен модуляцияланады. 3 — Оттықтың барлық 3 сегменті белсенді. min қуатта оттықтың бір орталық сегменті жұмыс істейді, қуат газ клапанымен және газ рампасындағы екі қосымша бекіту клапанымен модуляцияланады.
P9	**P9** параметрі оттықтың жұмыс логикасын баптауға жауап береді. Осы параметрдің баптауларын өзгерту арқылы сіз жылыту режимінде минималды қуатпен жұмыс істегенде оттық сегменттерінің санын 1/3, 2/3 немесе 3/3 деңгейінде таңдай аласыз. Жұмыста оттық сегменттерінің саны неғұрлым аз болса, минималды жылу қуаты соғұрлым аз болады.		
	«Жылыту» жұмысы кезінде оттықтың белсенді сегменттері	3	1 — Оттықтың сегменттері белсенді емес. min қуатта бүкіл оттық жұмыс істейді, қуат тек газ клапанымен модуляцияланады. 2 — Оттықтың 2 сегменті белсенді. Минималды қуатта оттықтың екі сегменті жұмыс істейді, қуат газ клапанымен және газ рампасындағы бір қосымша өшіру клапанымен модуляцияланады. 3 — Оттықтың барлық 3 сегменті белсенді. min қуатта оттықтың бір орталық сегменті жұмыс істейді, қуат газ клапанымен және газ рампасындағы екі қосымша бекіту клапанымен модуляцияланады.
PC	**PC** параметрі жылыту жүйесінің температуралық NTC датчиктерінің басымдық жұмыс режимін ауыстырады. Қазандықтың жылу тасымалдағыштың температурасы бойынша зауыттық баптауы. NTC бөлме немесе көше температурасының датчигі орнатылған жағдайда, қазандықтың жұмыс істеу логикасын өзгерту үшін параметрді тиісінше өзгерту қажет.		
	Сенсор	00	00 — жылу тасымалдағыштың NTC температура датчигі 01 — бөлме температурасының NTC датчигі 02 — көше температурасының NTC датчигі (ауа райына тәуелді басқару)
A1	**A1** параметрі ауаны шығарудың арнайы бағдарламасына жауап береді. Белсенді бағдарламада, бірінші іске қосу кезінде және/немесе ұзақ уақыт электр қуаты өшкенде, бағдарлама автоматты түрде іске қосылады және дисплейде 99-98-97-›... кері санақ басталады. Бұл жағдайда циркуляциялық Сорғы мен 3 жүрісті Кранның серво жұмысының арнайы логикасы іске қосылады.		
	Жылыту жүйесінен ауаны шығару бағдарламасы	01	00 — Өшірулі. 01 — Қосулы.
A2	**A2** параметрі айналым сорғысының жұмыс режиміне жауап береді. Солтүстік аймақтарда пайдалану жағдайында немесе гидравликалық бөлгіш болған жағдайда сорғының тұрақты жұмыс режимін орнату ұсынылады.		
	Сорғының жұмыс режимі	01	00 — Жүгірумен жұмыс. Оттық жұмыс істеп тұрған кезде айналым сорғысы үнемі жұмыс істейді. Оттықты ажыратқаннан кейін сорғы 5 мин жұмыс істейді және 20 минутқа сөнеді, содан кейін 1 минутқа қосылады. (1 мин жұмыс, 20 мин үзіліс циклі оттық кезекті қосылғанға дейін қайталанады. 01 — Циркуляциялық сорғы бөлме термостатының белгіленген температурасына жеткенше жұмыс істейді (TA клеммасы жабық болған кезде). Белгіленген температураға жеткеннен кейін (TA клеммасы ашылған кезде) сорғы өшеді. 02 — Айналым сорғысының тұрақты жұмысы.
A6	**A6** параметрі тұтану кезінде газ клапанының ашылу дәрежесіне жауап береді. Бұл параметр оттықтағы мин. және макс. газ қысымының баптауларымен байланысты. Орын ауыстыру мәні = көрсетілген параметр мәні - 50 (мысал: дисплейде көрсетілген мән 50 болғанда, орын ауыстыру мәні = 0). Жылжу мәні неғұрлым жоғары болса, оттықты тұтату кезінде газ клапаны соғұрлым көп ашылады және керісінше.		
	Тұтану кезінде газ клапанының ашылу дәрежесі	50	00 — A0
b6	Қателер журналы соңғы 10 қатені хронологиялық ретпен жазады және көрсетеді. Қателер журналын қарау диагноз қою және ақаулықтарды іздеу кезінде пайдалы.		
	Қателер журналы	–	Қате коды
b8	**b8** параметрі ЫСЖ қыздыру функциясын пайдаланған кезде екінші жылу алмастырғыш арқылы ағып жатқан ыстық су шығынын көрсету режимін (шығын өлшегіш датчикпен бекітілген) іске қосуға мүмкіндік береді. Функция іске қосылған кезде дисплейде су шығыны (л/мин) және су төгетін шүмек ашылған кезде ыстық судың нақты температурасы кезектесіп көрсетіледі.		
	Ыстық су шығынын көрсету	00	00 — Өшірулі. 01 — Қосулы.

Параметр	Атауы	Әдепкі мән	Сипаттамасы
C0	**C0** параметрі жылытудың минималды шекті температурасын орнатуға мүмкіндік береді, оның астында басқару панелінен температура қалыпты жұмыс режимінде орнатылмайды.		
	Минималды жылу температурасы	**35**	20–45 °C
C1	**C1** параметрі жылытудың максималды шекті температурасын орнатуға мүмкіндік береді, одан жоғары температура басқару панелінен қалыпты жұмыс режимінде орнатылмайды.		
	Максималды жылу температурасы	**75**	45-85 °C
C4	**C4** параметрі жылыту жүйесінің температурасының гистерезисін (сезімталдық емес аймағын) өзгертуге жауап береді. Орнатылған мән неғұрлым жоғары болса, жылыту жүйесі қазандық оттығын қайта қосқанға дейін салқындатылады және керісінше, орнатылған гистерезис мәні неғұрлым төмен болса, жылыту жүйесі қайта қосылғанға дейін соғұрлым аз салқындатылады.		
	Жылу жүйесінің температуралық гистерезисі	**10**	SET — (0–30 °C)
C7	**C7** параметрі жылыту режимінде оттықты қосқаннан кейін қазандықтың минималды қуатпен жұмыс уақытын өзгерту үшін қолданылады. Белгіленген логикаға сәйкес, оттықты тұтандырғаннан кейін автоматика осы параметрде белгіленген уақытқа қуатты шектейді. Осы уақыт ішінде автоматика жылу беру және кері жылу желісінің температура датчиктерінің көрсеткіштерін қолдана отырып талдау жүргізеді және алгоритмдердің қайсысы бойынша одан әрі жұмыс жасау туралы шешім қабылдайды. Уақыт аралығын ұлғайту шағын жылу жүйелерінде қазандықтың жұмысын дұрыс реттеуге мүмкіндік береді.		
	Жылыту режимінде оттықты іске қосқаннан кейін мин. қыздыру қуатымен жұмыс уақыты	**01**	00–99 (мин)
C9	**C9** параметрі жылыту жүйесінің белгіленген температурасына жеткеннен кейін оттықтың жұмыс уақытын шектеуге мүмкіндік береді. = 00 параметрінің мәні өзгерген кезде жұмыс логикасы өзгереді, автоматика тек CA параметрінде орнатылған қазандықтың мүмкін болатын максималды жұмысының шектелуін ескереді (зауыттық орнату 12 сағат).		
	Оттықтың жұмыс уақыты	**02**	00 — параметр белсенді емес, 01 — 72 (х 10мин)
Cb	**Cb** параметрі оттықты қайта қосқан кезде кідіріс уақытын реттеуге мүмкіндік береді. Баптау қазандықты әртүрлі климаттық аймақтарға, жылыту жүйелерінің конфигурацияларына және жұмыс режимдеріне бейімдеуге мүмкіндік беретін икемді конфигурацияға ие. Бұл параметрді ұлғайту қазандықтың тоқтап қалу уақытын кейінгі тұтануға пропорционалды түрде арттырады, бұл тек осы параметрдің параметрлеріне ғана емес, сонымен қатар пайдаланушы орнатқан мақсатты температураға да байланысты.		
	Жылыту режимінде қазандықты қайта қосудың кешігуі (мин)	**15**	01-60 (1-кестені қараңыз)
Cu	**Cu** параметрі «ECO» энергия үнемдеу режимінде қазандық жұмыс істеп тұрған кезде температураның төмендеу пропорциясын өзгерту үшін қолданылады. Тиісті пайыздық мөлшерлемені таңдау арқылы автоматика оны пайдаланушы орнатқан мақсатты температурадан тиісті арақатынаста ұстайды.		
	«ECO» режимінде температураны төмендетуді орнату	**70**	20 — A0 (%) Ескерту: A0 = 100%
d0	**d0** параметрі ыстық судың минималды шекті температурасын орнатуға мүмкіндік береді, одан төмен басқару панеліндегі температура қалыпты жұмыс режимінде орнатылмайды.		
	ЫСЖ минималды температурасы	**35**	25–45 (°C)
d1	**d1** параметрі ыстық судың максималды шекті температурасын орнатуға мүмкіндік береді, оның үстінде басқару панеліндегі температура қалыпты жұмыс режимінде орнатылмайды.		
	ЫСЖ максималды температурасы	**60**	45-65 (°C)
d5	**d5** параметрі ыстық судың максималды шекті температурасын орнатуға мүмкіндік береді, одан асып кетсе, оттықты мәжбүрлеп өшіруге болады.		
	Ыстық суды өшірудің максималды температурасы	**65**	55-70 (°C)
db	**db** параметрі ыстық суды жылыту режимін қосу үшін ЫСЖ жүйесінің минималды су шығынының мәнін белгілейді.		
	ЫСЖ шығыны кезінде оттықты қосу	**27**	26-35 (х 0,1 л/мин)
dC	**dC** параметрі ыстық суды жылыту режимін өшіру үшін ЫСЖ жүйесінің минималды су шығынының мәнін белгілейді.		
	ЫСЖ шығыны кезінде оттықты өшіру	**23**	10-25 (х 0,1 л/мин)
h1	**h1** параметрі қазандықтағы суды жылытудың минималды шекті температурасын орнатуға мүмкіндік береді, оның астында басқару панеліндегі температура қалыпты жұмыс режимінде орнатылмайды.		
	Жанама жылыту қазандығының минималды температурасы	**35**	25–45 (°C)
h2	**h2** параметрі қазандықтағы судың максималды қыздыру температурасын орнатуға мүмкіндік береді, оның үстінде басқару панеліндегі температура қалыпты жұмыс режимінде орнатылмайды.		
	Жанама жылыту қазандығының максималды температурасы	**60**	45-75 (°C)

Орнатылған жылыту температурасы / °C	Cb параметрінің мәндері												
	02	05	10	15	20	25	30	35	40	45	50	55	60
	Уақыт кідірісі, мин												
≤ 20	2	5	10	15	20	25	30	35	36,5	38	60	104	140
21–25	2	4,5	9	14	18,5	23	27,5	32	33,5	35	60	96	130
26–30	2	4	8,5	12,5	16,5	20,5	25	29	30,5	32	55	87	120
31–35	2	4	7,5	11	15	18,5	22	25,5	27,5	29	50	79	110
36–40	2	3,5	6,5	10	13	16,5	19,5	22,5	24,5	26	45	71	100
41–45	2	3	6	8,5	11,5	14	17	19,5	21,5	23	40	63	90
46–50	2	3	5	7,5	9,5	12	14	16,5	18,5	20	35	55	80
51–55	2	2,5	4,5	6	8	10	11,5	13,5	15,5	17	30	47	70
56–60	2	2	3,5	5	6	7,5	9	10,5	12,5	14	25	39	60
61–65	2	1,5	2,5	3,5	4,5	5,5	6,5	7	9	11	20	31	50
66–70	2	1,5	2	2,5	2,5	3	3,5	4	6	8	15	23	40
≥ 71	2	1,5	1,5	2	2	2,5	3	3,5	4,5	5	10	15	30

5. Сақтау және кәдеге жарату

5.1 Сақтау және тасымалдау шарттары

Құрылғыны қаптамада сақтау керек және манипуляциялық белгілерде көрсетілген жағдайда ғана тасымалдануы керек.
Аппарат ауа температурасы — 50-ден +40 °С-қа дейінгі және салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын атмосфералық және басқа да зиянды әсерлерден қорғанысқа кепілдік беретін жабық орынжайда сақталуы тиіс.
Аппаратты 12 айдан артық сақтау кезінде соңғысы ГОСТ 9.014 бойынша консервациялануы тиіс.
Кіріс және шығыс келтеқұбырларының тесіктері тығындармен немесе бітеуіштермен жабылуы тиіс. Сақтаудың әрбір 6 айынан кейін аппарат техникалық тексеруден өтуі тиіс, онда ылғал түспеуі және аппарат тораптары мен бөлшектерінің шаңмен бітеліп қалмауы тексеріледі.
Аппараттарды қатарға жинау және тасымалдау кезінде бес қабаттан аспайтын етіп қою керек.

5.2 Кәдеге жарату



Газ жылыту қазандығының құрамында қымбат металдар жоқ. Нормативтік пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін газ қазандығының тораптарындағы қара және түсті металдар одан әрі пайдалануға жатпайды және қайта өңдеу үшін қабылдау пункттеріне тапсырылуы тиіс.

КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Клиенттерді қолдау қызметі
Біз Haier тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласуды, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер сіздің техникаңызда мәселелер туындаса, алдымен «Ақаулықтардың сипаттамасы» бөлімін қарап шығуыңызды сұраймыз.
Егер сіз ақауыңыздың шешімін таба алмасаңыз, мынаған жүгініңіз:
— өзіңіздің ресми дилеріңізге немесе
— біздің колл-орталыққа:
8-800-070-01-29 (ҚР)
— https://haieronline.kz сайтына, онда сіз қызмет көрсетуге өтініш қалдыра аласыз, сонымен қатар жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.
Біздің сервистік орталыққа хабарласқанда төлқұжат тақтайшасында және чекте таба алатын келесі ақпаратты дайындаңыз:

Үлгісі _____

Серия нөмірі _____

Сатылған күні _____

Сонымен қатар, кепілдігінің және сатылғаны туралы құжаттарды тексеріңіз.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдікті қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді.

Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерін орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өндіруші қосымша ескертусіз өнімді жобалау мен жабдықтауға өзгерістер енгізуге құқылы.

Өнім Еуразиялық экономикалық (Кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Сәйкестік сертификаты № **ЕАЭС RU C-CN.АЯ46.В.42034/25** 28.07.2025 бастап 27.07.2030 дейін жарамды.

Толығырақ мәліметтер Еуразиялық экономикалық одақтың берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларацияларының бірыңғай тізілімінде көрсетілген.

Haier

RU

Изготовитель:
«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Уполномоченная организация / импортер:
ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом 8, этаж 16, офис 1601.

Уполномоченная организация в Республике Казахстан:
ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы, Медеуский район, Проспект Достык, дом 210.

Дата изготовления и гарантийный срок указаны на этикетке устройства

Сделано в Китае

KZ

Өндіруші:
«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастри парк Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы:
«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

Шығарылған күні мен кепілдік мерзімі құрылғының жапсырмасында көрсетілген

Қытайда жасалған

EAC

0040515072F
V1*****

One-dimensional code